

6. I.V.Arnold. The English Word. Лексикология Современного Английского языка. Издание третье. Москва: «Высшая Школа», 1986.–50 с.

7. Бубнова И.А., Зыкова И.В., Красных В.В., Уфимцева Н.В. «(Нео)психоллингвистика и (психо) лингвокультурология: новые науки о человеке говорящем».– Москва: «ГНОЗИС», 2017.–148 с.

8. Семасиология современного азербайджанского языка (очерки).Баку, «Элм», 1985–131 с.

9. Болдырев Н.Н. «Когнитивная лингвистика», Москва: «Берлин», 2016. –199с.

Abstract

The article is devoted to main changes that occur in semantic structure of a word in the process of language development and especially to polysemy, one of the main directions of development of meaning. The extension of word meaning is indicated to be not only the result of linguistic influence but also that of the extralinguistic factors. The role of context in clarifying and concretization of meaning is especially indicated. The viewpoint of cognitive linguistics to word meaning extension is also explained.

Key words: meaning, semasiology, semantic structure, polysemy, referent

FTAMP 17.07.65

Қ.Жүсіп., Г.Есенова

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Атырау қ., Қазақстан Республикасы

Т.МОЛДАҒАЛИЕВТІҢ «ХАТТАР - ХАТТАР» ДАСТАНЫНДАҒЫ БАЛА БЕЙНЕСІ

Аңдатпа

Т.Молдағалиевтің «Хаттар, хаттар» дастанында отан соғысы кезіндегі ауыл баласының соғыс туралы майдандағы батыр ағасы туралы ой-пікірлері баяндалады. Ағасының хаттары арқылы баланың соғысқа деген, ерлікке деген көзқарасы көрсетіледі.

Негізгі сөздер: дастан, кейіпкер, шындық, образ, деректер, жанр, лирика

Дастаншылық Кеңес дәуірінде үлкен үдеріске ие болды. Олардың тақырыптары әртүрлі еді. Жаңа заман өмірін, тарихи тақырыпты қозғаған шығармалар, лирикалық дастан дәстүрі де қолға алынды.

Дастан – поэзияның күрделі түрі. Ол – өмірді кең толғайтын, суреттеулері мол, баяндауы ұзақ желілі шығарма. Дастан табиғаты туралы академик Зейнолла Қабдолов мынадай анықтама береді: «Орта көлемді

эпостық повестен басқа тағы бір түрі – поэма (грекше ποίημα – туынды) – өлеңді повесть, өмірде болған, не болуға тиіс күрделі құбылыстар мен келелі оқиғаларды, алуан-алуан адам тағдыры мен заман шындығын көлемді, желілі, эпикалық не лирикалық сипаттағы өлеңмен суреттеу. Сюжетті поэмалар да, сюжетсіз поэмалар да болады. Поэмаларда жасалатын адам образдары да әр алуан, эпикалық образ да, лирикалық образ да, романтикалық образ да, реалистік образ да болады».[1.421]

Кеңес дәуірінде дастан жанры дамып, едәуір биікке көтерілді. С.Мұқанов, І. Жансүгіров, С. Сейфуллин, Б. Майлин, М. Жұмабаев, Қ. Бекхожин, Д. Әбілев, А. Тоқмағамбетов, Ж. Саин, Ә. Тәжібаев, Қ. Аманжолов, Ғ. Қайырбеков, Х. Ерғалиев, Т. Бердияров, Ж. Молдағалиев, Т. Молдағалиев, М. Мақатаев, Ж. Нәжімеденов және т.б. желілі дастандар жазудың үлгісін көрсетті.

«Тұманбай – бір жинағынан бір жинағына сатылап көтерілген ақын. Оның қаламынан жылы да мөлдір лирикалармен қатар, ірілі-ұсақты дастандар да туындады». [2.12]

Осы аты аталған ақындардың ішінде біздің негізгі объектіміз болып отырғаны – Тұманбай Молдағалиевтің «Хаттар-хаттар» дастаны еді.

«XX ғасырдың II жартысынан бастап қазақ өлеңі тақырып жағынан да, көркемдік болмысы жағынан да қайта жаңарып, өрлей бастады. Лирикалық поэзияда сол заманның өзекті проблемалары: кеңес адамдарының Отаншылдық сезімі, кешегі болған соғыс пен бейбітшілік туралы, халықтар достығы, адамгершілік, этика мәселелері кең жырланды. Осы тақырыптар арқылы ақындар азаматтық көзқараспен, өмірді сүюді, патриоттық сезімді қалыптастыру мәселелерін ашуға тырысты». [3.19]

Екінші дүниежүзілік соғыстың фашизм күйрегеннен кейін де дүние жүзі халықтарына зардабы тигізгені белгілі. Қазақ халқының жігіттері мен қыздары бұл майданның қақ ортасында болып, жандарын беріп, қанын төкті. Бұл апат еш уақытта ұмытылмайды. Тұманбай ақынның балалық шағы сол алапат соғыс кезінде өтіп, оның кесепатын көрген ұлдардың бірі. Кейін жігіт боп, қаламы төселген ақын, елге таныла бастағаннан кейін соғыстың зардабын өзінің шығармаларының арқауы етті. Осы тақырыпқа өлеңдерімен қатар бірнеше дастанын арнады. Сол дастандарының бірі – «Хаттар, хаттар» деп аталады. Бұл дастандағы оқиғалар жас Тұманбайдың атынан айтылады, оның кішкентай кезіндегі көрген-баққаны көркем баяндалады.

«Хаттар-хаттар» поэмасы – Тұмағанның майданда жүрген ағасына тұңғыш жазған, сандықта жатып сарғайған сәлемінен сыр шерткен шығармасы». [4.256]

Мұндағы басты лирикалық кейіпкер - Тұмаш бала. Ал дастандағы эпизодтық айтылған жайларға араласатын кейіпкерлер де бар, олар: баланың ағасы мен атасы.

Жас, әлі мектепке бармаған лирикалық кейіпкер өзінің командир ағасын мақтаныш етеді. Ол жөнінде өзімен бірге ойнайтын балаларына айтып, ағаның жақсы адам екенін түсіндіреді.

Командир - дейтін ағаны,
Сол аты болды маған жыр.
Жиып ап барлық баласын,
Мақтаныш мен де бағам бір.
Бақ көріп соны өзіне,
Жиып ап ауыл балларын.
Айтамын аға сөзінен,
Құлағым шалып қалғаны. [5.204]

Бала командир ағасын мақтаныш етумен қатар, оны өзіне де, өзге балаларға үлгі қылып бейнелегендей болады. Өйткені бала біткеннің арманы батыр болу, үлкен азамат болып өсу, елдің тұлғасы болу.

Дастанның лирикалық кейіпкері өзінің ағасы туралы қиялын асыра түсіп, оның нағанын айтып, балаларды қызықтара түседі.

Өтірік те соғып бағамын,
Конфеттен аздап жеп қоям.
Ағамның кеше нағанын
Атып та көрдім деп қоям.

Барынша бөсіп алам мен,
Сене ме достар тек соған.
Самолет мініп ағаммен
Алматы бардым деп соғам.

Алматы – деген алманың
Құжынап тұрған жері деп.
Болса да өтірік барғаным,
Бардым деп соғам көбірек.

Алмасы менің басымдай,
Көрді оны кәні, кім-кім жеп.
Командир ағам қасымда,
Трамвайға да міндім деп. [6.7]

Осылайша ағаның мақтаныш етудің нәтижесінде алуан түрлі өтірікті айту- бұл балалық қиялдың асқақтығы. Бала психологиясын автордың терең білетіндігі айқын көрінеді.

Тұмаштың командир ағасының баламен жақындығы, олардың көңілдерін аулай білетін тапқырлығы, өзінің ақылмандығымен қызықты әңгімелерімен үйіре білетіндігі көрінеді.

Бәрің де жақсы командир
Боласыңдар, - деді ағам.

Ағаның осы сөзінде жақсы сырлар жатыр. Өйткені бала кішкентай кездерінде әскери адам болғысы келетіні – шындық.

Алайда лирикалық кейіпкерімізді де, басқаларды өкіндірген бір жағдай – ағаның өзімен қоштасып кеткендігі болды.

Азамат болып өс, - деді
Баса алмай ішкі өксігін.

«Азамат» болды ұққаным,
Көп жүрдім осы сөзді ойлап.
Сол күні соғыс шыққанын
Кейіннен білдік біз бейбақ.

Командир аға соғысқа аттанып кетіпті. Бұл – қандай соғыс, оны лирикалық кейіпкеріміз білмейді. Әйтеуір - соғыс. Ал бала ағасының батырлығына сенімді. Ол әрқашан жауды жеңеді деп біледі.

Командир елін сүйген үлкен азамат. Соғыста жүрсе де, өзінің амандығын айтып, жаумен арпалыса жүріп, талай ерліктерін баяндаған хаттары келеді.

Кейіпкердің бір өкініші – келген хаттарды оқи алмауы, өйткені әлі мектепке барған жоқ. Мектепте оқитын басқа балаларға қызғанышпен қарайды. Бұл – жас баланың болашаққа ұмтылыстарының бірі болып есептеледі.

Жүретін үнсіз тым-тырыс,
Қуантты сол хат атамды.
Біздің үй бір күн үшбұрыш
Майданнан сонау хат алды ...

Қағазы жылтыр, көкпеңбек,
Көзіне ыстық соншама.
Оқыды хатты әпкем кеп,
Оқыды және көрші аға.

Кеудеме бастым сол хатты,
Сезіммен, оймен бір бөлек.
Менің де атымды атапты,
Дені сау, ойнап жүр ме, - деп.

Тұмаштың хатты оқи алмауы, әріп танымауы – үлкен өкініш. Сондықтан ол басқа балалармен мектепке бірге барып, ішке кіре алмай, сыртта отырып қалады. Бірақ мұғалім «келесі жылы келесің», - деп оның көңілін жұбатқанына мәз болады.

Осы бір суреттелген детальдар бала мінезіне сай, жанашырлықпен бейнеленгені оқырманды қызықтыратыны сөзсіз.

Ақыры, Тұмаштың арманы орындалып, мектепке оқуға баруға жасы да жетеді. Енді ағасының хаттарын оқуға мүмкіндігі бар. Бұл – бала қиялын шарықтатарлық жай. Себебі өзінің жақсы көретін командир ағасының

хаттарын оқу ол үшін – ерекше бақыт. Ол алғаш рет ағасының хатын ежіктеп оқиды. Хаттағы ағасының соғыста жүрген жайын оқып, жақсы сезімде болады және оның ерлік жасап жүргенін көзіне елестетеді. Хаттағы ағасы айтқан патриоттық сөздері оған үлкен мақтаныштай сезіледі. Хатта ағаға былай деп жазыпты:

«Күн туды ер басына, ана, қатаң,
Жауларды өз көріне «паналатам».
Тұрса да ажал қоршап, өзіме емес,
Ең соңғы оғымды да соған атам.

Жеңеміз! Сенгем оған әлдеқашан,
Жеңіспен талай қиын белден асам.
Жылама, асыл ана, қасыңда егер
Сол жеңіс келген күні мен болмасам.

Аламын қас жауымнан ел үшін кек,
Кеудемде жүрек тұрса сені сүймек.
Сол жеңіс келген күні мен болмасам,
Тұмашты құшақтарсың Жеңісім,- деп!»

Хаттағы командир ағаның анасына қарата айтқан сөзі барлығына қарата айтқан жігерлі ант сияқты. Жас баланың көкірегінде ағасына деген мақтаныш онан сайын ұлғая түседі. Ағасын өңінде көз алдына елестеткен бала оның ер тұлғасын түсінде де көреді. Жас болса да, елге деген ағасының сезімі бейне балаға да дарып, күш бергендей. Елге деген сүйіспеншілігі оянғандай болып, ағасының ерлігіне сүйсінеді. Түсін атасына айтады. Түсінде ағасы ылғи қасқырлардың ортасында қалған екен. Ағасы қасқырларды құлаштап шапқанда, оның күшіне шыдай алмай, қалған көкжалдар қаша жөнеліпті. Сол жерде мен де жүр екенмін дейді. Бір кезде ағасы ақбоз атқа мініп, аспанға ұшып кетіпті.

Осы түсін атасына айтқан екен. Атасы жақсы жорыпты. Жауды жайпап жеңеді екен, ал аспанға ұшып кеткені – бізді сағынғаны шығар – депті. Бала атасының бұл жоруына көңілі көтеріледі.

Осылайша, ағасының жеңіске ие болатынын хабарлайтын хатты күтумен жүрген бала почташының мазасын алып, күнде «хат бар ма?» деп сұрай беріпті. Ақыры, ағасынан тағы бір хат келгенде, тағы да қуанышы қойнына сыймапты.

Бұл хат үйдегі сүйген жарына арналған екен. Ағаның әйеліне деген мөлдір сезімін ұғуға болады. Оның тәтті сөздері майданда жүрген ердің елін, әйелін ойлағанда қайраты таса түсетіндей еді. Майдандағы қантөгіс арасында жүрген ерлердің елін ешқашан ұмытпайтындығы, туған ел, сүйген жар олардың арқа сүйер тірегі сияқты болған. Автор осы хаттағы ағасы айтқан жүрек жібітер сөздер ел адамдарына да қуат беретіндігін ақын сезімталдықпен айта білген. Сондай нәзік сөздерді келтіруді жөн көрдік.

Махаббат – деген от мәңгі.
Өртеді жанды күрсінсем.
Тұра ұшқан маған оқтарды
Қалқалап қалып жүрсің сен.

Толмасын жасқа жанарың,
Берілме мұңға бір уақ.
Кемпір мен шалдың қабағын
Бұлт шалса егер, ыдырат.

Айқаста жүремін жыл асты,
Жақын тұр, жақын жеңісім.
Артыма ерген Тұмаштың
Тұлымын сипа мен үшін.

Майдангер жарына арнаған осы хатынан оның соғыстағы оптимистік ойлары көрінеді. Ол өлім туралы ойламайды, өмірім не болады деп жасымайды, қайта болашақта жеңіске ие болатынына өте сенімді.

Махаббаты бар жүректі
Тоқтатар күш жоқ жерде әлі.

Осы сөзінің өзі жауынгердің махаббаттын ешбір күш жеңе алмайды, махаббатқа ие адам жауға кірпік қақпай төтеп бере алады дегенге сендіреді. Командирдің өте жалынды жазылған мына бір сөзі көзге жас үйретінін қайтерсіз:

Сақтайды мені сол тілеу,
Жеңіспен елге барам мен.
Сен үшін жауды өлтірем,
Сен үшін тірі қалам мен.

Қандай өткір айтылған, махаббатқа берік, жарына деген жүрегі езілген жігіттің сөзі осылай болса керек.

Хат иесі қанша езіле сағынышын тауыса алмай елжіресе де, оның алдында үлкен трагедиялық жай тұрғанын қайдан білсін.

Ол мынадай жай еді:
Оқыдым неге сол хатты,
Құдай –ау қайдан оқыдым.
Жеңешем менің қымбатты
Кеткен-ді үйден сол түні.
Сұмдықты мұндай кім көрген,
Аяққа таптап арманды.
Әскерден келген біреумен
Сол түні кетіп қалғанды.

Ел деп еңірегінде етегі жасқа толып жүрген ердің елдегі трагедиясы өте аянышты түрде осылай баяндалады.

Бұл оқиға лирикалық кейіпкерге үлкен соққы болғанын автор өте аянышты түрде баяндап, оқырманды сол оқиғаға бірге күйінуге шақырады.

Күрсінді атам қатты ойлап,
Анашым қалды ауырып.
Кәрі әжем ғана айқайлап
Жатыр бір қарғыс жаудырып.

Найзағай алғаш жарқылдап,
Көк бұлтқа кіріп жоғалды.
Көк төбет қана арсылдап,
Ұзатып салды оларды.

Командирдің келіншегінің әскерден келген жігітке еріп кетіп қалғанына, автордың суреттеуінше, табиғат та реніш білдіргендей, көк төбет те қарсылық жасағандай. Бұл лирикалық кейіпкер ойының, қиялының көрінісі болып, оқушы көз алдында қалады.

Лирикалық кейіпкерге бұл оқиға қатты әсер етіп, мұңға батырады.

Жеңешем кеткен күнгі хат

Есейтіп мені жіберді, - деуі кейіпкерді терең ойға батырып, өмір туралы ойлантады, үлкен адамдар арасындағы мұндай келіссіздіктердің болғаны таңғалдырады. Оның кішкене кезден көрген мұндай сезім соққысы оны есейтіп жібергендей.

Фашизммен болып жатқан аласапыран қантөгіс бүкіл елімізді тебіrentті, соғыстағы майдангерлердің жауды талқандап, ерлердің елге аман оралуын тіледі. Майдангердің де, ел адамдарының, тыл еңбеккерлерінің де арман-үміті жеңісте болды.

Мектепте оқып жүрген лирикалық кейіпкердің сенімін зорайту жолында мұғалімнің де сөзі қатты әсер етеді. Оның көңіліне зор қайрат береді. Оның ендігі арманы – ағасының жеңіске ие болып, елге қауышуы еді.

Фашист қашып, біз қуып баратамыз,
Қуанады сол үшін кәрі атамыз.
Мұғалімнің «жеңеміз» деген сөзін
Үйден-үйге бар бала таратамыз ...

Мектептегі әр оқушының ойларына берік орнаған сенім оларды болашақ үшін қуантады.

Біз жеңеміз. Қызылдар кілең батыр,
Басталады шабуыл енді батыл.

Алайда кейіпкер жеңістің оңай келмейтінін де біледі, себебі майдангердің елге қайтқандарының бәрі мүгедек.

Екі көзден айрылып келді біреу,
Екі аяғы жоқтар да келіп жатыр.
Келгендерді көргенде мен шошимын,
Жеңіс деген мүгедек солдат па деп.

Жас баланың соғыс зардабынан сезгендері мен көргендері оның ой-сезіміне, бүкіл болмысына қатты әсер етеді. Ол қатты толғанады. Сондықтан жазуды жаңа үйрене бастаған шәкірт ағасына бар ойын баяндап хат жазады.

Ол өзінің хатында не көргенін, үйде қандай оқиға болып жатқанын, ата-әжесінің жайын және жеңгесінің басқа жігітпен кетіп қалғанын жасырмай жазады. Әрине, бұл балалық қателігі еді. Үйдегі жайды жазуы командирге ауыр тиетінін білетін атасы оның хатын

Ағаң өзі келген кезде оқыр деп,
Дәу сандыққа салып қойды үйдегі.

Кейіпкеріміздің атасының ақылдылығы, көпті көрген кемеңгерлігі баланың хатын майданға осылайша жіберуден бас тартады. Балаға деген ақылы өте майда, жазған шындығы үшін ұрыспай: «ағаң өзі келген соң оқыр» деп сандыққа салуы балаға деген тәрбиелік әрекет еді. Бала мұны кейін түсінді.

Ал бала атасының ағасына не жазғанын былайша баяндаған:

«Аманбыз тегіс, жарың да аман, шүкірлік,
Отыңды жағып отыр ол үйді бүтін ғып.
Тұмашың міне хат жазуға да жарады,
Айтқанымды істеп, жақсы оқып жүр сабағын».

Бұл хаттағы, жазылған жақсылық жайларға ағасы қуанатыны сөзсіз. Майдандағы адамды көңілдендіріп қоймаса, жауға оғы дәл тимей қалуы мүмкін ғой деген ой тастайды балаға.

Кейіпкер атасының осы хатының жеткеніне күмәнді. Себебі ағасынан көптен хат келген жоқ еді. Кейіпкер әрі қарай былай баяндайды:

Айтқандай ағам жайында
Бір рет бізге хат келді.
Орденін жеңіс айында
Қаладан атам ап келді.

Бұл неден хабар береді. Демек, ағасы майданда қаза тапқаны туралы хабар келгендігі және ағаның ордендерін атасы барып алып келуі балаға қайғылы жайды аңғартады.

Міне, екінші дүниежүзілік соғыс бала сезімімен, бала ойымен осылай баяндалған.

Автор «Хаттар, хаттар» дастаны арқылы соғыстың бала қиялында қалай көрініс тапқаны, оның жасөспірімнің сана-сезіміне қалай әсер еткені осылайша көркемдікпен суреттелген.

«Тұманбай Молдағалиев әдебиетке айқайға басып, атой салып, ат ойнатып келген жоқ. Талайдан тоңы жібімей, қоңторғай жатқан мұзарттың

әлдебір күңгей маңдайын жіпсітіп, тырс-тырс тамшы боп басталып, бірте-бірте ұлғайып, көк мұздың көбесін мұжып, етектегі ерні кезерген жазиралардың ындынын қандыратын рахым кәусарындай шарапатты шабытымен көпшілік көңілін бірден баурап алды.

Көкірек тістейтін, құлақ тырнайтын дөкір бір сөзі жоқ жаймашуақ жырлар жаныңды жайдарлыққа шақырады. Көшоланды кеңейтіп, төңірегіндегі жақсылықты көбірек аңғаруға, жайсаңдықты тереңірек ұғынуға, жаратылыстың жарасымдылығына жан-тәніңмен елтіп, құлшына құмартуға ұмтылдырады.

Тұманбай – тілінің балы басым ақын. Ешкімнің бетіне жел боп келмейтін қыз мінезді ақпейіл ақын. Адам түгілі ағын су мен жайқалған жапырақтың көңіліне қарайтын сезімтал ақын». [7.142]

Әдебиеттер тізімі:

1. Қабдолов.З. Сөз өнері. Алматы: Өлке., 2014 ж. 424 б.
2. Мақатаев М. Тұманбайдың ақындығы сезімталдығында. «Мұқағали» журналы, №6, 2018ж. 12 б.
3. Садыкова А. Х. Ерғалиев – заманының заңғар ақыны. Атырау, Х. Досмұхамедов атындағы АМУ-нің «Хабаршысы», №3.2016ж., 19 б.
4. Тұманбайдың ақындығы (мақалалар жинағы) Алматы, Атамұра 2005ж. 256-б.
5. Т. Молдағалиевтің III-томдық шығармалар жинағы. I-том, Алматы: Жазушы, 1990ж. 204-б.
6. Молдағалиев Т. «Хаттар, хаттар» (дастандар жинағы) Алматы, Жазушы, 1974ж.7 б.
7. Молдағалиев Т. Көптомдық шығармалар жинағы. 24-том. Ә.Кекілбаев сөзі, Алматы. Ән Арыс, 2016ж. 142 б.

Аннотация

В поэме Т.Молдағалиева «Хаттар, хаттар» повествуется душа мальчика из аула об отечественной войне и а героизме своего брата, участвовавшем на этой войне.

Ключевые слова: поэма, реальность, образ, сведения, жанр, лирика, текст

Abstract

In the poem of T. Moldagaliyev "Hattar, Hattar" the soul is told a boy from the village about the Patriotic War and the heroism of his brother, participate in this war.

Key words: poem, hero, reality, image, information, genre, lyrics.